

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ ҚҰҚЫҚ ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ГРАЖДАНСКО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ПРАВО

ӘОЖ 347.44

А.К.Рахимберлина

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail asel.rahimberlina.1980@mail.ru)

Энергиямен жабдықтау шарты: тарихи қалыптасу кезеңдері мен қазіргі таңдағы құқықтық реттелуінің кейбір мәселелері

Мақалада энергиямен жабдықтау шартының тарихи қалыптасу кезеңдері мен нормативтік-құқықтық базаның дамуы мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының энергиямен жабдықтау шартын реттейтін заңнамаларға талдау жасалды. Қазіргі таңда берілген шарттың түрі азаматтық құқық саласында ерекше орын алады, себебі нарықтық экономикаға өту тек энергиямен жабдықтау саласындағы әлсіз жақтарын ғана емес, сонымен қатар аталған саланы құқықтық реттеуде де мәселелердің бар екендігін көрсетті. Сондай-ақ автормен азаматтық құқық саласында әрекет етуші заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру мақсатында бірқатар негізді ұсыныстар жасалған.

Кілтті сөздер: энергетика, электрификациялау, энергиямен жабдықтау шарты, энергия тиімділігі, энергиялық қауіпсіздік, энергияны үнемдеу.

Қазіргі уақытта өркениеттің болуы мен дамуы тиісті энергиямен жабдықтаусыз мүмкін емес. Күнделікті кезеңдік басылымдардың беттері мен өзге де ақпарат құралдары көздерінде бүгінгі таңдағы энергиямен жабдықтаудың әр түрлі аспектілері қарастырылады. Бұл мұнайды, газды, электр энергиясын, жылу энергиясын және т.б. өндіру мен тұтыну. Нарықтық экономикаға өту энергиямен жабдықтау бойынша қатынастардың құқықтық реттелу мәселелерін де, энергетикалық саланың өзінің де барлық әлсіз жақтарының көрінісін берді. Бұрынғы Кеңес Одағы кезеңінде ақша бірлігінің тұрақтылығы мен экономиканың өркендеуіне байланысты энергиямен жабдықтаудың кез келген түріне байланысты мәселелерге мемлекеттік органдар мен тұтынушылардың басым бөлігі қызығушылық танытқан жоқ. Қазір тұтынушылардың барлық санаттары энергия мен ресурстардың әр түрімен жабдықтау мәселелеріне белсенді қызығушылық танытатындығын бақылауға болады. Бұл негізінен инфляциялық үрдіс нәтижесінде экономикалық дағдарыс жағдайында объективтік себептерге байланысты.

Энергетика туралы ғылым КСРО кезіндегі ГОЭЛРО тарихи жобасынан бастау алады. Ол табиғи энергетикалық ресурстардың энергия түрлеріне қайта ауысу заңдылығы мен әдістерін зерттейді. Аталған жоспар Лениннің бастамасы болып табылады. Бұл жоспар Кеңес мемлекеттерінде перспективті халық шаруашылық жоспарларының алғашқысы. ГОЭЛРО жоспарына сәйкес 10–15 жылға есептелген мемлекет экономикасының түпкілікті қайта құрылуының кеңінен тараған бағдарламасы болып табылады. В.И.Лениннің ойы бойынша, «партия мен барлық еңбекшілер қызметінің негізгі міндеті мемлекетті электрификациялау жоспарын орындау үшін күресу қажет. Электрификация социализм мен коммунизмнің материалды-техникалық базасын құрудың негізі болып табылады. Егер 1918 жылы бізде жаңадан салынған электр станциялары 8 болса, 1919 жылы бұл цифр — 36, ал 1920 жылы 100-ге жетті. Бұл бастама біздің ұлан-байтақ еліміз үшін қаншама шағын болса да, дегенмен бастама жасалды, жұмыс басталды және ол барған сайын жақсы жүргізілуде» [1; 367].

Отандық энергетикалық ғылым мектебі Г.М.Крижановскиймен 30-жылдары құрылды. Бұл тұста В.И.Вейц, А.В.Винтер, А.Е.Пробст, Е.А.Русаковскийдің еңбектері үлкен мәнге ие болғандығын атап

өтуіміз қажет. Осы уақытта көлемі және ұзақтығы бойынша электр энергетикасымен, газбен жабдықтау, мұнаймен жабдықтау жүйелері құрылды, сонымен қатар орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйелері іске қосылды. Ядерлі-энергетикалық жүйе қалыптаса бастады. Олардың дәрежесінде КСРО-ның Біртұтас энергетикалық жүйесі қалыптасты. Энергетиканың дамуы жағынан КСРО 70-жылдардың ортасында Ұлыбритания, Германия және Франция мемлекеттерін тұтастай алғанда, дүние жүзі бойынша 2 орында болды. КСРО өзінің жанар-жағар май, энергетикалық ресурстарымен дамуын орталықтандыратын дүние жүзіндегі ең ірі индустриалды мемлекет болды [2].

IX–XX ғасырларда энергиямен жабдықтау экономика дамуының міндетті талабы және қоғам өмірінің қажетті элементіне айналды. Қазіргі заманда экономика мен ғылыми-техникалық алға басу электр энергиясы мен отын-энергетикалық кешенінің даму деңгейіне байланысты. Сол себепті аталмыш саладағы қоғамдық қатынастарды реттеу заман талабы болып табылады.

Ең алғаш энергиямен жабдықтау шартының заңдық анықтамасы 1991 жылы 31 маусымда Азаматтық заңнама негіздерімен реттелді, ол кезде әрекет етуші шарт «Жалғанған желі арқылы энергетикалық және өзге де ресурстармен жабдықтау туралы шарт» деп аталды. Энергетикалық және өзге ресурстармен жабдықтау шарты сатып алу-сату шартының бір түрі ретінде қарастырылды.

Қазақстан Республикасының жаңа азаматтық заңнамасында энергиямен жабдықтау шартына Азаматтық кодекстің Ерекше бөлімінің 25 тарауы арналған. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде энергиямен жабдықтау шартына 482-бапта анықтама берілген: энергиямен жабдықтау шарты бойынша энергиямен жабдықтаушы ұйым абонентке (тұтынушыға) жалғанған желі арқылы энергия беруге міндеттенеді, ал абонент алынған энергия үшін ақы төлеуге, сондай-ақ оны тұтынудың шартта көзделген режимін сақтауға, өзінің қарауындағы энергетика желілерін пайдалану және қауіпсіздігін энергияны тұтынуға байланысты пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтардың ақаусыздығын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Азаматтық кодексте көрсетілгендей, энергиямен жабдықтау шарты сатып алу-сату шартының арнайы түрі деп түсіндіріледі [3].

Электр энергетикасы саласында реформаның нормативтік-құқықтық базасы 1995 жылы 23 желтоқсанда «Электр энергетикасы туралы» Президенттің Жарлығының шығуымен құрыла бастады. Заң күші бар жарлық мемлекеттің басқаруымен бәсекелестік бастамасында энергетиканың қызмет етуі қағидасын бекітті. Сонымен қатар жарлық, саланың дамуының жаңа міндеттерін қойды. Жекелеп айтқанда, электр энергетикасының «реттелінетін нарығын» құру, сондай-ақ оны монополизациялау және жекешелендіру.

Бұл құжатта саланы қайта реттеу бағыты болған жоқ, себебі электр энергетикасында қызметтердің барлық түрі табиғи монополия ретінде қарастыру жалғасып жатқан болатын. Саланы ырықтандыру бойынша нақты шаралар № 663 1996 жылы 30 маусымда Үкімет қаулысымен бекітілген «Электр энергетикасында құрылымын өзгерту және жекешелендіру бағдарламасында» көрініс тапқан. Мұнда реформаның негізгі бағыттары аталған, оларға электр энергиясын өндіруші кәсіпорындарды электр энергетикасында бәсекелестік секторы ретінде бөлу, оларды жекешелендіру және электр энергиясының бәсекелестік нарығын құру. Осылай электр энергетикасы толығымен табиғи монополия саласына жатпайды деп танылды. Электр энергетикасын монополизациялау туралы түпкілікті шешім қабылдау оны реформалауға негіз салды. Табиғи монополиялар саласын реттеу № 272 1998 жылғы 9 шілдедегі «Табиғи монополиялар туралы» Заңмен анықталды (№ 364 II 2002 жылы 26 желтоқсандағы заңмен олардың тізімі кеңейтілді). Бағдарламада көзделген кейбір мақсаттар № 384 1999 жылы 9 сәуірдегі Үкіметтің Қаулысымен бекітілген «2030 жылға дейінгі электр энергиясын дамыту бағдарламасында» әрі қарай өз жалғасын тапты. Бұл құжатта Қазақстанның энергетикасының жоғары деңгейдегі даму мақсаты қалыптастырылған. Реформаның даму бағытын анықтау кезінде, бағдарлама көп жағдайда бұрынғы құжаттардың ережелерін қайталады. Сонымен қатар кейбір мақсаттар толықтырылып, нақтыланды.

1990 жылдың екінші жартысында қалыптасқан саладағы жаңа экономикалық қатынастар ескірген 1995 жылғы «Электр энергетикасы туралы» Жарлықтың орнына № 438 1999 жылы 16 шілдеде қабылданған «Электр энергетикасы туралы» Заңда заңдастырылған болатын. Заң жоғарыда көзделген құжаттардағы көптеген ережелерге түсініктеме бере отырып, оларға едәуір жоғары мәртебе танытты. Саладағы мемлекеттік басқару 1995 жылғы «Электр энергетикасы туралы» Жарлықтағы талаптармен салыстырғанда шектелді. Атқарушы билік органдарына кәсіпорының өндірістік технологиялық қызметіне араласуға тыйым салынды. Тарифті мемлекеттік реттеу табиғи монополия тарифтерімен және бөлшектеп сатып алушы тұтынушылар үшін электр энергетикасына жіберілетін тарифтермен шектелді. Электр энергиясын бөлу үрдісі мемлекеттік басқару саласынан алынып

тасталды. Ең алғаш заңдық дәрежеде нарықты ұйымдастыру, тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері, шарттық қатынастар кестесі, қағидалары бекітілді.

1990 жылдың екінші жартысында мемлекеттің саясатының ауыстыруының нәтижесі ретінде электр энергетикасын өткізу және генерациялау саласында жеке сектордың басымдылығымен саланың жаңа құрылымы қалыптасты. Бірақ 2000 жылға қарай нарық бұрынғыша шектеулі сипатқа ие болды. Ол электр энергиясын екі жақты контракт бойынша сатып алу-сатудан және электр қуатының қорын сатудан ғана тұрды. Нарықтың мәселелерінің сипаты № 606 2000 жылы 20 сәуірде Үкімет қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының электр энергиясын және қуатының көтерме нарығын жетілдіру концепциясында» (№ 190 18.02.2004 жылы ҚР Үкіметінің Қаулысымен өзгерістер енгізілген) берілген. Аталған Концепцияның кемшіліктеріне:

- нарық субъектілерінің қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық базасының дамымағандығы;
 - мерзімді, сондай-ақ күнделікті электр энергиясының және қуаттың саудасының баланстық және спотты нарықта бар техникалық және ақпараттық қамтамасыз етілуінің жетілмегендігі;
 - нақты уақыт режиміне жақындастырылған электр энергиясын қуатты тұтыну мен өндіру мөлдір нарықтық механизмін теңестірілуінің болмауы.
- Осының негізінде Концепцияда нарықты әрі қарай дамыту мақсаттары анықталған, оларға
- спот нарығы және теңестірілген нарықтың шегінде электр энергиясын жан-жақты саудалау механизмін құру;
 - бәсекелестікті әрі қарай дамыту;
 - электр энергиясының сапасын, сондай-ақ Қазақстанның БЭС басқарылуы мен беріктілігін жоғарылату.

Бұл кезеңде нормативтік база «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңына сәйкестендірілді, тиісті Заңға бағынышты актілер пайда болды.

Осы саланы құқықтық реттеудің қазіргі кезеңі № 190 2004 жылы 18 ақпанда Үкімет қаулысымен қабылданған «Қазақстан Республикасының электр энергетикасындағы нарықтық қатынастардың әрі қарай даму концепциясы» көрініс береді.

Оның ережесін жүзеге асыруды 09.07.2004 жылы қабылданған «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңы қамтамасыз етеді. Ол келесі мәселелердің шеңберін қамтиды:

- электр энергетикасының қызмет етуінің нарықтық қағидаларын анықтайды, жаңа түсініктер мен анықтамалар енгізеді;
- электр энергиясының бәсекелестік бөлшек сауданы қалыптастыруды көздейтін өтпелі ережелерді анықтайды;
- бөлшек сауда нарығында бәсекелестік ортаға энергиямен жабдықтау және өткізу бойынша қызметті ауыстыру, сонымен қатар бөлшек саудада тұтынушыларға электр энергиясын жеткізу құқығын тасымалдаушылар арасына бәсекелестік үшін алғышарттар жасау;
- электр энергиясының көтерме құрылымының дамуын көздейді, мұнда нарықтың негізгі сегменті теңдестіруші нарықта нақты уақыт режимінде және қызметтердің жүйелік және қосымша нарығын, электр энергиясының саудасының нарығымен сатып алу-сату шартының екі жақты мәмлелерімен толысады;
- электр энергетикалық саланы әрі қарай монополизациялауды көздейді (ол жылу және гидравликалық генерацияларды сату жолымен, барлық АЭК сату (аймақтық электр жүйелік компаниялар), БЭК-ларды (бөлетін электр жүйелік компаниялар), жеке секторларға ҚБЭС, сондай-ақ «KEGOK» компаниясына Жүйелік оператор құқығын беру).

Электр энергетикасындағы жаңа экономикалық қатынастар 1990 жылдардың соңында заңдық жағынан бекітілген болатын. Нормативтік-құқықтық базаның әрі қарай дамуы реформаның өзекті мәселелеріне байланысты: электр энергиясы нарығының бәсекелесті түрде кеңейтілуі және жетілдірілуі, саланы қайта монополизациялауды жалғастыру.

2000 жылы 7 желтоқсанда № 1822 Үкіметтің қаулысымен «Электр энергиясын пайдалану ережесі», «Жылу энергиясын пайдалану ережесі» (аталған ережелер 10-шы қараша 2004-ші жылғы № 1175 ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша өз күштерін жойды), «Тұрмыстық қызмет көрсету ережесі» бекітілді. № 314 2001 жылы 24 желтоқсан Энергетика министрінің бұйрығымен «Электр жүйесінің ережесі» қабылданды. 2004 жылы 27 тамызда № 197 Қазақстан Республикасының Энергетика және

минералды ресурстар министрімен «Қазақстан Республикасында электр энергиясының көтерме нарығының қызмет етуі және ұйымдастыру ережесі» қабылданды.

2004 жылы 10 қыркүйекте № 212 Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрімен Қазақстан Республикасында электр энергиясын орталықтандырылған сауданың қызмет етуі және ұйымдастырылуы ережесі бекітілді. Сонымен қатар «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында 2005 жылы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің «Электр энергиясын пайдалану және Жылу энергиясын пайдалану ережелерін бекіту туралы» № 10 бұйрығы бекітілді.

Соңғы жылдары республикамызда отандық кәсіпорындардың энергияны жоғары мөлшерде шығындауымен қатар, Қазақстанның бірталай аймақтарында энергияның жетіспеушілігі мәселесі өзекті болып табылады. Бұдан шығудың бірден-бір оңтайлы жолы — энергияны үнемдеу.

Қазақстанның табиғи және энергетикалық ресурстары бұл оның күмәнсіз бәсекелік жағынан басымдылығы мен баға жетпес қоры болып табылады. Бірақ бұл қорды пайдалану кезінде бүгінгі күннің мәселелерін болашақтағы ұрпақтың есебінен шешпеу үшін тиісті түрде билік ету қажет. Ғылыми жетістіктердің дамуымен, энергетика мемлекетімізде әлеуметтік-экономикалық дамудың «кілті» болып табылады [4]. Қоршаған орта және даму бойынша 1992 жылғы БҰҰ Дүние жүзілік Конференциясын да болашақтағы энергетиканың үш негізгі мақсаты қалыптастырылды: энергия ресурстарын ысырапсыз пайдалану, энергияны тиімді пайдалану және балама энергия ресурстарын пайдалануды өсіруді қайта жандандыру. Кеңес Одағы құлдырағаннан кейін Қазақстан жанар-жағар май мен энергетикалық ресурстарды иеленуші дүние жүзіндегі ең ірі мемлекеттердің бірі болды. Бірақ, өкінішке орай, Қазақстанда әлі күнге дейін энергетикалық экстенсивті шаруашылық жүргізу жалғасуда. Экономиканың ресурспен қамтамасыз етілуі соңғы онжылдықта біршама төмендеді және өңірлік энергетикалық дағдарыстар әдеттегідей құбылыс болып кетті. Едәуір оңай қол жететін, қайта қалпына келмейтін ресурстар саны жағынан көп қолданылады, бұл оның тез жоғалып кетуіне әкеледі. Ал бұл өз алдына шығыстардың көп болуы мен қоршаған ортаның ластануына әкеледі.

Қазіргі таңда энергия ресурстары көбінесе экономикалық жағдайды анықтайды. Көптеген мемлекеттер үшін энергияны үнемдеу мен энергияның тиімділігі мәселесін шешу қызметтің үстем бағыты. Энергияны тұтыну мен энергияны қолдануды ұтымды, жоғары дәрежеде дамудың бірден бір дұрыс және қол жететін жолы. Мұны түсіне білетін бірнеше мемлекет — ТМД қатысушылары 2002 жылы 7 қазанда энергияның тиімділігі мен энергияны үнемдеуді қамтамасыз ету саласында қарым-қатынас туралы Келісімге қол қою туралы шешім қабылдады.

Біздің республикамыздағы ішкі заңнамаға келетін болсақ, онда энергияны үнемдеуді экономикалық және экологиялық мәселелерді шешудің маңызды факторы ретінде қарастырады, сонымен қатар экономиканы энергияны үнемдеудің даму жолына ауыстыру қажеттігін біле отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі 1997 жылы 25 желтоқсанда арнайы, негізгі нормативтік-құқықтық акт ретінде энергияны үнемдеу үрдісін реттейтін «Энергияны үнемдеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Берілген Заң Қазақстан Республикасында жанар-жағар май және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану үшін экономикалық және ұйымдастырушылық жағдай қалыптастыру мақсатында әзірленді.

Бұл нормативтік құжаттың энергия ресурстарының айналымы мен олардың үнемделуі саласындағы ерекше мәнін ескере отырып, оның беделі мен басымдылығын танумен қоса, біздің ойымызша, келесі кемшіліктерін де атап кету қажет. Мысалы, қарастырылып отырған Заң энергетикалық ресурстардың тиімділігін, ұтымды және қауіпсіз қолданылуын мақсат ете отырып, «энергия тиімділігі», «энергиялық қауіпсіздік» деген негізгі түсініктерге анықтама бермеген. Сонымен қатар нақты саладағы кез келген нормативтік-құқықтық акт сияқты берілген Заң энергияны үнемдеу саласындағы қатынастарды реттейтін негіз салушы құқықтық акт. Осыған сәйкес, «Энергияны үнемдеу туралы» Заң энергияны үнемдеу үрдісінде қолданылатын барлық негізгі түсініктерге, осы құқықтық қатынас субъектілері қызметін бақылау және түзету бағыттары бойынша құзыретті органның өз қызметін жүзеге асыру үрдісі мен тәртібі, сондай-ақ Заң талаптары сақталмаған жағдайда жауапкершілікке тарту тәртібі нақты заңдық анықталмаған.

«Энергияны үнемдеу объектілері» түсінігіне анықтама бере отырып, «Энергияны үнемдеу туралы» Заңда олардың субъектілеріне заңдық бекітілген анықтама берілмеген. Біздің ойымызша, аталған субъектілерге энергетикалық ресурстарды пайдалану тиімділігін жоғарылатуға бағытталған қызметті жүзеге асыратын немесе жүзеге асыруға заңға сәйкес міндетті заңды тұлғалар немесе жеке

кәсіпкерлер (энергетикалық ресурстарды өндіруші немесе қолданушы) болуы мүмкін. Энергияны үнемдеу үрдісі субъектілері туралы сөз қозғасақ, осы үрдіске тартылған құзыретті органның шеңбері туралы мәселе ашық. Аталған Заңның 7-бабында энергия үнемдеу саласындағы уәкілетті органның құзыреттілігі туралы ғана айтылған. Электр энергетикасы, техникалық реттеу және қадағалау, мемлекеттік статистика және архитектура мен құрылыс саласындағы мемлекеттік (уәкілетті) органдардың өкілеттігі мен құқықтық мәртебесі туралы ереже мүлдем жоқ. Аталған органдардың құзыреттілігі анықталмаса, бұл құзыреттіліктердің шегі туралы, даулы мәселелерді шешу тәртібі туралы мәселе түсініксіз болып қала береді.

Энергия ресурстарын үнемдеу саласындағы Қазақстан Республикасындағы әрекет етуші заңнаманың негізгі ақаулығы ретінде Заңның талаптарын мемлекеттік бақылауды көздейтін нормалардың жеткіліксіздігі, ал жекелеген жағдайларда мүлдем болмауын атап өту қажет. Құқық бұзушыны жауапкершілікке тарту мүмкіншілігінің болмауы, азаматтық міндеттеменің орындалуының өзінің міндеттілік қасиетін жояды және құқық бұзушының немқұрайлығын тудырады. Жауапкершілікке тарту қандай да бір құқық бұзушылық жағдайына анықталған құқықтық норманың санкциясын жүзеге асыру қызметін атқарады. Сонымен қатар анықтама осы жауапкершіліктің шегін де талап етеді. Жоғарыда аталған ақаулықтар «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 541-IV Заңының қабылданумен ішінара өзгерген. Мысалы, бұл Заңның 1-бабының 12-тармақшасында: энергетикалық тиімділік (энергия тиімділігі) — энергетикалық ресурстарды пайдаланудан болған пайдалы әсердің осы әсерді алу мақсатында өндірілген энергетикалық ресурстардың шығындарына қатынасын көрсететін сипаттамалар деп жоғарыда аталған «Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңда аталған ақаулықтың орны толтырылған [5]. Бірақ осы тұста Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан–2050» Стратегиясында: « бесінші сын қатер — жаһандық энергетикалық қауіпсіздік [6]» — деп көзделгенін атап өтетін болсақ, жоғарыда аталған Заңда бұл терминге әлі де түсінік берілмеген.

Осылай, Қазақстан Республикасындағы энергетикалық ресурстарды үнемдеу саласындағы әрекет етуші заңдарды жетілдіруді едәуір жоғары дәрежедегі актілерден бастау қажет. ҚР АҚ-сын энергиямен жабдықтаушы ұйымның және абоненттің энергия ресурстарын тиімді пайдалану міндетін көздейтін баппен толықтыру қажет. Бір сөзбен айтқанда, «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» әрекет етуші Заң қазіргі таңдағы шынайы өмірге сәйкестендіру және жетілдіруді қажет етеді.

Энергетикалық және өзге де ресурстармен жалғанған желі арқылы жабдықтау туралы шарт, жоғарыда аталғандай, сатып алу-сату шартының бір түрі, бірақ оны жеке шарттың түрі ретінде бөліп шығаратын өзіне тән арнайы ерекшеліктері бар. Бұрынғы Кеңес Одағы мен Қазақстанның бұған дейінгі азаматтық заңнамасында энергиямен жабдықтау шартын реттейтін нормалар тіптен болмаған. Энергия мен ресурстардың жекелеген түрін реттейтін Ведомстволық ережелер мен нұсқаулықтар ғана әрекет еткен. «Энергиямен жабдықтауды заңдық жағынан реттеудің азаматтық айналымда қажеттілігі де туындаған жоқ», — деп кейбір авторлар өз ойларын білдіреді. Оның себебін энергия өндіруші ұйымдардың санының және энергетикалық қуаттың жеткілікті мөлшерде болуымен, мемлекетімізде ақша бірлігінің тұрақтылығымен, энергиямен жабдықтаушы ұйымның қызметіне ақының арзандығымен түсіндіреді.

Ресей Федерациясының жаңа азаматтық заңнамасында энергиямен жабдықтау шарты Азаматтық кодекстің екінші бөлімінің 30-тарауының 6-параграфымен реттеледі және ол 10 баптан тұрады.

Энергиямен жабдықтау саласы табиғи монополия қызметінің саласы болғандықтан, екі мемлекетте де энергиямен жабдықтау шарты табиғи монополия туралы нормативтік-құқықтық актілердің толық кешенімен қосымша реттеледі. Бірақ, Қазақстанға қарағанда, РФ табиғи монополияны реттеу органдары қызмет саласы бойынша бөлінген. Осылай, Федералдық энергетикалық комиссия жанар-жағар май энергетика кешенінде табиғи монополистер қызметтерінің тарифі мен бағасын реттейді. Екі мемлекеттің азаматтық құқық жүйесінде энергиямен жабдықтау шарттары «Сатып алу-сату» атты тарауға енгізілген және тауар жеткізілімі шарты үшін едәуір ортақ түр ретінде қарастырылады. Энергиямен жабдықтау шартының түсінігі РФ-ның АҚ-ның 539-бабында және, жоғарыда көрсеткендей, ҚР АҚ-ның 482-бабында келесідей берілген: энергиямен жабдықтаушы ұйым абонентке (тұтынушыға) жалғанған желі арқылы энергия беруге міндеттенеді, ал абонент алған энергиясы үшін ақы төлеуге, сондай-ақ оны тұтынудың шартта көзделген режимін сақтауға, өзінің

қарауындағы энергия желілерін пайдалану қауіпсіздігін және энергияны тұтынуға байланысты пайдаланылатын аспаптар мен жабдықтардың ақаусыздығын қамтамасыз етуге міндеттенеді [7].

РФ-ның арбитраждық тәжірибесін талдаудан энергиямен жабдықтаушы ұйым мен абоненттің арасындағы дауды шешу кезінде РФ-ның АҚ-ң тікелей нормалары қолданылатындығы анықталады [8]. Қазақстанда қазіргі уақытта соттар 1999 жылы 1 шілдеде АҚ-нің Ерекше бөлімі күшіне енгізілгеннен кейін, аталған кодификация және осы салаға қатысты қабылданған заңдар мен ережелер қолданылады.

Энергиямен жабдықтау шартының тараптарының құқықтары мен міндеттері қарастырылып отырған мемлекеттерде бірдей реттеледі. Осылай, Қазақстанда электр және жылу энергиясының тұтынушылардың құқықтары мен міндеттері «Электр энергетикасы туралы» Заңның 19-бабында көзделген.

Энергиямен жабдықтау шарты бойынша тараптардың жауапкершілігі жалпы формула түрінде Азаматтық кодекстерде көзделген (РФ-ның АҚ-нің 548-б., ҚР-ның АҚ-нің 491-б.). Осылай, екі тарап міндеттеме орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде екінші тарапқа келтірілген нақты шығынның орнын толтыру қажет. Ал энергияны беру кезінде үзіліс түрінде құқық бұзушылық болған жағдайда, жабдықтаушы ұйым, тек оның кінәсі болған жағдайда ғана жауап береді. Сонымен қатар азаматтық құқықта кінәнің нысаны (ниет немесе абайсыздық) жауапкершіліктің туындауы үшін маңызды мәнге ие емес.

Осылай, Қазақстан және Ресей Федерациясының заңнамаларын талдай отырып, әлі де болса азаматтық айналым субъектілерінің энергиямен жабдықтау қатынастарын реттейтін заңнамалардың жетілдіруін қажет ететіндігін атуға болады.

Қазіргі таңда энергия және жылу энергиясын барлық адамдар тұтынады, бірақ энергиямен жабдықтау шарты жағдайларының орындалуына әрқашанда риза бола бермейді (энергия жіберудегі іркіліс, сапаның төмендігі және т.б.) Екінші жағынан, барлық энергиямен жабдықтаушы ұйымдар жеткізіп отырған электр энергиясы үшін тұтынушылардың тарапынан үлкен қарыздардың жиналуына байланысты едәуір қатаң талап қойып отыр. Кейбір кездерде, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың қызметкерлерінің тәжірибеде орын алып отырған заңсыз әрекеттерін (алдын ала жазбаша ескерту жасамай, энергияны жіберуді тоқтату) атап кетуге болады. Оңтайлы және сенімді энергиямен жабдықтау шартының жасалуы қай тарапқа болмасын қажет.

Ойымызды қорыта келе, энергиямен жабдықтау шарты — XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында қоғамдағы бірден-бір қажетті элемент, себебі барлық жеке және заңды тұлғалар белгілі бір дәрежеде энергетикалық ресурстармен жабдықталуға мұқтаж екендігін атап өту қажет. Сондай-ақ ол экономиканың дамуының міндетті шарты болып табылады.

References

- 1 *Lenin V.* Compositions — Moscow: Publ. political literature, 1974. — 606 p.
- 2 *Prokhorov A.M.* Big Soviet Encyclopedia. — Vol. 30. — Moscow: Soviet Encyclopedia, 1978. — P. 544.
- 3 The Civil Code of the Republic of Kazakhstan 1 July 1999 № 409-I (Special Part) // www.zakon.kz
- 4 *Zhusupov A.A.* Energy as a specific object of civil rights // What's civil rights. Proceedings of the annual republican scientific-theoretical conference post-graduate students. — Almaty, 2004. — P. 165.
- 5 Law of the Republic of Kazakhstan «On energy saving and energy efficiency». — 2012. — from January, 13. — № 541-IV // <http://adilet.zan.kz>
- 6 <http://www.akorda.kz> Presidential Address of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan Strategy «Kazakhstan–2050». New policy established state.
- 7 The Civil Code of the Russian Federation of 30.11.1994 № 51-FZ // <http://vladrieltor.ru>
- 8 *Idrysheva S.K.* The comparative civil-law characteristic of energy supply agreements in the Republic of Kazakhstan and Russian Federation // Businessman and law. — 1998. — № 18. — P. 141.

А.К.Рахимберлина

Договор энергоснабжения: этапы исторического формирования и некоторые вопросы правового регулирования на сегодняшний день

В статье рассмотрены процессы исторического развития и становления нормативно-правовой базы договора энергоснабжения в Казахстане. Автором проведен сравнительный анализ нормативно-правовых актов, регулирующих договор энергоснабжения, в Казахстане и Российской Федерации. Отмечено, что на сегодняшний день данный вид договора занимает особое место в сфере гражданского права, так как переход к рыночной экономике показал наличие не только слабых сторон сферы энергоснабжения, но также проблем правового регулирования данной сферы. Автором внесено ряд предложений по совершенствованию действующего гражданского законодательства РК, а также правоприменительной практики.

A.K.Rahimberlina

Agreement on energy supply: periods of historical formation and some issues of legal regulation of present date

The author considers the processes of historical development and the establishment of the legal framework of the contract of energy supply in Kazakhstan. Moreover the author conducted a comparative analysis of legal acts regulating the supply contract in Kazakhstan and in the Russian Federation. To date, this type of contract has a special place in the field of civil law. The transition to market economy has shown the presence of weaknesses not only the areas of energy, but also legal regulation problems of this sector. The author made a number of suggestions to improve the the civil legislation of Kazakhstan, as well as law enforcement.